

**«ҚазТрансОйл» АҚ корпоративтік басқару кодексінің  
2016 жылғы қағидаттары мен ережелерін сақтауы туралы есеп**

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен бекітілген (2016 жылғы 27 мамырдағы 3/2016 хаттама) Корпоративтік басқару кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес корпоративтік хатшы жыл сайын Кодекстің қағидаттары мен ережелерін сақтау/сақтамау туралы есеп дайындайды.

Кодекстің мақсаты «ҚазТрансОйл» АҚ-та (бұдан әрі - Қоғам) корпоративтік басқаруды жетілдіру, басқарудың ашықтығын қамтамасыз ету, Қоғамның тиісті корпоративтік басқару стандарттарын ұстануға бейілділігін растау болып табылады.

Кодекстің қағидаттары:

1. Үкімет «Самұрық-Қазына» АҚ акционері ретінде\*.
2. «Самұрық-Қазына» АҚ пен ұйымдардың өзара іс-қимылы. «Самұрық-Қазына» АҚ-тың ұлттық басқарушы холдинг ретіндегі рөлі.
3. Тұрақты даму.
4. Акционерлердің құқықтары және акционерлерге әділ көзқарасы.
5. Директорлар кеңесі мен атқарушы органның тиімділігі.
6. Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит.
7. Ашықтығы.

Қоғам корпоративтік басқарудың маңыздылығын түсіне отырып, Қоғамның ішкі құжаттары мен тәжірибесін оның қағидаттарына сәйкес келу қажеттілігіне көп көңіл бөледі.

\* Кодекстің бірінші қағидаты ерекше сипатқа ие және «Самұрық-Қазына» АҚ басқаруының, «Самұрық-Қазына» АҚ пен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы өзара іс-қимылдың ерекшеліктеріне жатады.

№	Ұжымдық басқару кодексінің нормасы/ұжымдық басқару қағидаты	Ұстанады/ұстанбайды	Ұжымдық басқару нормалары мен қағидаттарын ұстану үшін орындалған іс-шаралар
1	<p>«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ және ұйымның өзара әрекеті.</p> <p>«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ ұлттық басқарушы холдинг ретіндегі ролі</p>	Ұстанады	<p>«ҚазТрансойл» АҚ Топтық басқару жүйесі оның қызметіне тиісті басқару мен бақылауды қамтамасыз етеді және ұзақ мерзімді құнын арттыру мен орнықты дамуға бағытталған.</p> <p>Компания мен оның лауазымды тұлғалары ұзақ мерзімді құнының артуы мен орнықты дамуға және Қазақстан Республикасының заңнамасымен және ішкі құжаттармен белгіленген тәртіпте қабылданатын шешімдер мен әрекеттер/әрекетсіздікке жауапты болады.</p> <p>Компанияның атқарушы органы қызметінің тиімділігіне бағалаудың негізгі элементтерінің бірі ҚТК жүйесі болып табылады. ҚТК тізілімі мен мақсатты мәндерін Директорлар кеңесі бекітеді.</p> <p>Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 21 қарашадағы (№ 12/2016 хаттама) шешімімен Компания қызметінің 2016 жылға арналған түзетілген топтық көрсеткіштері және олардың мақсатты мәндері, сондай-ақ «ҚазТрансОйл» АҚ басшы жұмыскерлерінің 2016 жылға арналған түзетілген ынталандыру ҚТК пен олардың мақсатты мәндері бекітілді.</p> <p>Жыл сайынғы негізде Компанияның басшы жұмыскерлерін марапаттауға әсер ететін ҚТК жетуіне бағалау жүзеге асырылады.</p>

2	<p><b>Орнықты даму</b></p> <p>2.1 Қоршаған ортаны қорғау</p>	<p>Ұстанады</p>	<p>Орнықты даму мақсаты қоршаған ортаны сақтап қалу және қорғаумен, қолайлы еңбек шартын құрумен, жұмыс орындарында қауіпсіздікті қамтамасыз етумен және Компания өз қызметін жүзеге асыратын жергілікті қоғамның дамуына үлес қосумен қатар бизнесті дамыту болып табылады.</p> <p>«ҚазТрансОйл» АҚ органдары тұрақты негізде Компанияның орнықты даму саласындағы жұмысының, оның ішінде қызметшілерді басқару, табиғатты қорғау қызметі, ықпалдасқан менеджмент жүйесінің жұмыс істеуі саласындағы түйінді нәтижелерді қарастырып талдайды.</p> <p>Орнықты даму саласында қызметті жүзеге асыру кезінде Компания БҰҰ Жаһандық шартында, ISO 26000 Әлеуметтік жауаптылық бойынша нұсқаулық стандартында, АА1000 сериялы «Мүдделі тараптармен өзара әрекет ету стандарты» стандарттарында бекітілген қағидаттар мен ережелерді басшылыққа алады және Компанияның ұжымдық веб-сайтында орналасқан орнықты даму саласында қызметтің жеке бағыттары бойынша Қоғамның бірқатар ішкі құжаттарымен реттеледі.</p> <p>Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 15 желтоқсандағы (№ 13/2014 хаттама) шешімімен «ҚазТрансОйл» АҚ стейкхолдерлер картасы бекітілген, онда Компания қызметіне әсер ететін немесе әсер ете алатын мүдделі тараптар тізілімі анықталған.</p> <p>Компания өз қызметінің қоршаған ортаға теріс әсерін азайту және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану қағидаттарын енгізу бойынша шараларға үлкен назар аударады.</p> <p>Компания Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің, алдыңғы қатарлы халықаралық стандарттар, «ҚазТрансОйл» АҚ қауіпсіздік және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау саласында саясат ережелерін және басқа да ішкі ұжымдық құжаттар талаптарын қатаң ұстанады, экологиялық тәуекелдерді сәйкестендіру мен бағалауды өткізеді, қоршаған ортаны қорғау саласында өз әрекеттерінің мөлдерлігі мен ашықтығын қамтамасыз етеді.</p> <p>2016 жылы Компания аудитті жүзеге асырды, ол ISO 1400:1:2004 халықаралық стандартының талаптарына жүйенің сәйкестігін растады.</p> <p>Бұдан басқа SGS халықаралық сертификаттау органы Компания қызметінің ISO 14001:2015 халықаралық стандарт талаптарына сәйкестігін растады.</p> <p>Есептік кезең ішінде Компания қоршаған ортаны қорғауға 483,1 млн. теңге инвестиция жұмсады және 77,9 млн. теңге көлемінде экологиялық төлемдерді жүзеге асырды.</p> <p>Өндірісті тоқтатуды немесе мұнайды тасымалдау кезінде экологиялық зиян келтіруді әкелген апаттық жағдайлар 2016 жылы белгіленген жоқ.</p>
---	--	-----------------	---

2.2 *Қауіпсіздік және еңбекті қорғау*

Қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласында Компания өндірістік нысандардың апатсыз жұмыс режимін қамтамасыз етуге ұмтылады, қауіпсіз еңбек шарттарын құрып қолдайды, қызметкерлер денсаулығын сақтауға ұмтылады және Қазақстан Республикасының заңнамасы, халықаралық және ұлттық стандарттар мен Компанияның ішкі құжаттарының талаптарын нақты ұстанады.

2016 жылы SGS халықаралық сертификаттау органы Компания қызметінің OHSAS 18001:2007 халықаралық стандарт талаптарына сәйкестігін растады.

2016 жыл бойына Компанияда екі топтастырылған қайғылы оқиға тіркелді, оның нәтижесінде 14 адам зардап шекті.

2.3 Кадрлар және әлеуметтік саясат

Компанияда қолданыстағы «ҚазТрансОйл» АҚ 2015-2019 жылдарға арналған кадрлар саясаты қызметшілерді басқарудың қағидаттары, түйінді бағыттары мен деңгейлері жүйесін анықтайды.

«ҚазТрансОйл» АҚ Қазақстан Республикасының заңнамасына және Компания жұмыскерлерінің ұжымымен бекітілген ұжымдық шартқа сәйкес кадрлар мен әлеуметтік саясатты құрастырады.

Адам ресурстарын басқару саласында Компания ұйымдастыру құрылымын жетілдіру, қызметшілер сапасын арттыру, еңбек тиімділігін басқару, негізгі міндеттер мен жастар саясатының бағыттарын іске асыру, топтық мәдениетті қалыптастырып дамыту сияқты бағыттар бойынша жұмыс істейді.

Жалдау рәсімі 2016 жылы бекітілген «ҚазМұнайгаз» ҰК» АҚ жалдау рәсімдерінің ашықтығы мен меритократия қағидаттарын ұстану шарттарын орындау, сондай-ақ Компанияда Конкурстық комиссияны құру бөлігінде талаптарға сәйкес қайта өңделген «ҚазТрансОйл» АҚ жаңа жұмыскерлерді бос орындарға кадрларды конкурстық іріктеу және бейімдеу ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады. Бұдан басқа аталған ережелермен Компанияда жаңа жұмыскерлерді бейімдеу жүргізу тәртібі анықталған. Рәсімдер ашықтығын қамтамасыз ету үшін білікті мамандарды іздестіріп іріктеу, кандидаттар бойынша деректер базасын жүргізу, қызметшілерді бос лауазымға іріктеу кезінде айқын конкурстық рәсімдерді енгізу, оның ішінде кандидаттар білімі деңгейін тексеруге арналған тестілеу элементтерін қолдану жүзеге асырылады.

2016 жылы қызметшілерді оқыту/дамыту бағдарламалары бойынша 797 іс-шара өткізілді. Көптеген жұмыскерлер бірнеше даярлау, қайта даярлау және біліктілікті арттыру мамандықтары (бағыттары) бойынша оқудан өтті.

«ҚазТрансОйл» АҚ өз жұмыскерлерінің әлеуетін ашу мен мансабының өсуіне ауқымды мүмкіндіктер ұсынады.

Компанияда мақсаты мұрагерлік пен меншікті басқару кадрларын тәрбилеуді қамтамасыз ету болып табылатын кадрлар резерві қалыптастырылған. 2016 жылы Компанияның кадрлар резервінде 65 адам болды, оның ішінде 20 адам Компанияның орталық аппараты бойынша.

«ҚазТрансОйл» АҚ кадрлар саясатының маңызды бағыты жас мамандармен жұмыс жасау болып табылады. Компанияда жас кадрлармен жұмысқа кешенді тәсіл және жас мамандарды Компанияда жұмысқа тарту бойынша кешенді тәсіл жұмыс істейді, ол «ҚазТрансОйл» АҚ жастар саясатына бекітілген.

Компанияда жас мамандардың кәсіби және жеке дамуы үшін, оларда көшбасшылық, кәсіби және басқару құзыреттіктерінің дамуы мақсатында 2016 жылы Жас мамандар кеңесі құрылды.

2.4	<i>Сатып алулар жүйесі және жергілікті қамтым</i>	<p>2016 жылы 28 желтоқсанда Жас мамандар кеңесі туралы ереже бекітілді, ол Кеңестің мақсатын, негізгі міндеттерін, қызметтерін, құрылымы мен құрамын, оның жұмыс істеу тәртібін анықтайды.</p> <p>2016 жылғы желтоқсанда Компанияның орталық аппараты мен барлық төрт филиалдарда жұмыскерлердің кәсіподақ ұйымы құрылды, кәсіподақ комитетінің төрағалары сайланды. 2016 жылғы 27 желтоқсанда компания мен жұмыскерлер ұжымы арасында 2017-2019 жылдарға арналған жаңа Ұжымдық шартқа қол қойылды.</p> <p>Қоғам қызметшілерінің тартылу индексі 2016 жылы 66 % құрады.</p> <p>Компания бизнесінің орнықты дамуы үшін оның көлемін ескеріп, сатып алулардың тиімді жүйесі мен Компанияның орталық аппараты мен филиалдарын сапалы тауарлар, жұмыстар және қызметтермен уақтылы қамтамасыз ету өте маңызды мәнге ие болады.</p> <p>Жеткізушілерді таңдау кезінде Компания «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы мен елу және одан астам дауысқа ие акцияларының (қатысу үлестерінің) пайызы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ меншік құқығында немесе сенім білдіріп басқаруда тиесілі болатын ұйымдардың тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу ережелерін басшылыққа алады.</p> <p>Есептік кезең ішінде топтық сатып алу жүйесі мен жергілікті қамтымды дамыту саласында елеулі ішкі өзгерістер бола қойған жоқ.</p> <p>2016 жылы Компания 47 865 млн. теңге сомаға шарттар бекітті.</p> <p>2016 жылға шарттар бойынша жергілікті қамтым үлесі 61,2% құрады.</p> <p>Компанияда тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу туралы ақпарат Компанияның веб-сайтында орналасады.</p>
-----	---	--

3	<p><b>Акционерлер (қатысушылар) құқықтары және акционерлерге(қатысушыларға) әділ қарым-қатынас</b></p>	<p>Ұстанады</p>	<p>Компания қызметінің маңызды қағидаттарының бірі акционерлермен барынша ашық және тиімді өзара әрекет ету. Акционерлердің негізгі құқықтарын іске асыру Қазақстан Республикасының заңнамасына және «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысына (бұдан әрі – Жарғы) сәйкес жүзеге асырылады.</p> <p>Ақпаратты ашу мәселелері заңнамалық актілермен, «ҚазТрансОйл» АҚ Жарғысымен және Ақпаратты ашу туралы ережесімен регламенттеледі.</p> <p>Компанияның Директорлар кеңесі барлық акционерлерге тең қарым-қатынасқа кепілдік береді, оларға Акционерлердің жалпы жиналысы арқылы Компанияны басқаруға қатысу мүмкіндігін береді, Компания қызметі туралы ақпарат алу және дивидендтер алуға өз құқығын іске асыруға мүмкіндік береді.</p> <p>«ҚазТрансОйл» АҚ-тың ірі акционері «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ болып табылады, оған Компанияның 90% қарапайым акциялары тиесілі.</p> <p>Акционерлер мүдделеріне қатысты ақпарат ұжымдық веб-сайтта, «Қазақстан қорлар биржасы» АҚ интернет ресурстарында және қаржы есебінің депозитарийінде уақтылы орналастырылады.</p> <p>Компанияда инвесторлармен байланыс қызметі құрылған, оның негізгі міндеті Компанияның инвестициялық-тартымды компания ретінде атын растау мен нығайту мақсатында Компания басшылары мен инвестициялық қоғамдастық (әлеуетті инвесторлар, миноритарлық акционерлер және құнды қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары) арасында тиімді коммуникацияларды ұйымдастыру болып табылады.</p> <p>2016 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлер жалпы жиналысының жылдық және кезектен тыс үш жиналысы өткізілді.</p> <p>2016 жылы 27 мамырда Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында жылдық қаржы есептілігі мен 2015 жылға шоғырландырылған жылдық қаржы есептілігі, 2015 жылға таза табысты тарату тәртібі, өткен жылдардың таратылмаған табысын тарату тәртібі, қарапайым акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім мен бір қарапайым акцияға есептегенде дивидендтің көлемін бекіту туралы шешім қабылданды, сондай-ақ 2015 жылға Компанияның Жылдық есебі, Директорлар кеңесінің 2015 жылы жасалған жұмысы туралы жылдық есебі, Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар, топтық басқару кодексі, құнды қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында «ҚазТрансОйл» АҚ акцияларды сатып алу жағдайында олардың құнын анықтау әдістемесіне өзгерістер мен толықтырулар бекітілді.</p> <p>2016 жылғы 14 қаңтарда кезектен тыс Акционерлердің жалпы жиналысында «ҚазТрансОйл» АҚ-қа 2016-2018 жылдарға аудит жүргізетін аудиторлық ұйымды, қаржы есептілігіне аудит үшін аудиторлық ұйымның қызметін төлеу көлемін анықтау және бір көзден алу тәсілімен оның қызметін сатып алу туралы шешім қабылданды.</p>
---	--	-----------------	---

			<p>2016 жылғы 29 қаңтарда кезектен тыс Акционерлердің жалпы жиналысында Компанияның Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды, алты адам санымен Компанияның Директорлар кеңесінің құрамы, өкілеттіктер мерзімі анықталды, Директорлар кеңесіне мүшелер сайланды, оның ішінде Компанияның Директорлар кеңесінің төрағасы сайланды, тәуелсіз директорлардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақылар төлеу мен шығындарын өтеу көлемі мен шарттары туралы шешім қабылданды.</p> <p>2016 жылғы 20 қазанда кезектен тыс Акционерлердің жалпы жиналысында Директорлар кеңесінің сандық құрамы анықтау мен оның мүшелерін сайлау туралы, Директорлар кеңесінің мүшесін акционер өкілі ретінде анықтау туралы шешім қабылданды.</p> <p>Акционерлер мен мүдделі тараптар Директорлар кеңесінің есебі мен аудирленген жылдық қаржы есептілігін қамтитын жылдық есеп арқылы ақпарат алады.</p> <p>2016 жылы Компанияның және оның лауазымдық тұлғаларының қызметіне акционерлер өтінімдері түскен жоқ.</p>
4	<b>Директорлар кеңесі және атқарушы орган тиімділігі</b>	Ұстанады	<p>Директорлар кеңесі – бұл стратегиялық мақсаттарды, дамудың басым бағыттарын анықтайтын және ұзақ мерзімді келешекке Компания қызметінің негізгі бағыттарын белгілейтін, қойылған мақсаттарды жүзеге асыру үшін қажетті қаржы және адам ресурстарының болуын қамтамасыз ететін және өзге елеулі мәселелерді қарастыратын Компанияның басқару органы.</p> <p>Директорлар кеңесінің құрамына жеті адам кіреді, олардың үшеуі тәуелсіз директорлар болып табылады. Директорлар кеңесіне мүшелерді, оның ішінде тәуелсіз директорларды іріктеу өлшемдері «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен, Жарғымен, топтық басқару кодексімен және «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі туралы ережемен анықталған.</p> <p>Директорлар кеңесінің қызметі туралы есеп жыл сайын Компанияның жылдық есебінде ашылады.</p>



			<p>Барлығы 2016 жылы Директорлар кеңесінің 13 күндізгі отырысы өткізілді.</p> <p>2016 жылы Директорлар кеңесінің қызметін бағалау халықаралық жария компаниялардың директорлар кеңесінің қызметін бағалаудың елеулі тәжірибесіне ие «TopCompetence» ЖШҚ (Ресей Федерациясы) және «Olympex Advisers» ЖШС (Қазақстан Республикасы) тәуелсіз сыртқы кеңесшілерін қатыстырып өткізді.</p> <p>Бағалау нәтижелері 2016 жылғы 26-27-мамырда Директорлар кеңесінің күндізгі отырысында қарастырылды. Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 27 маусымдағы шешімімен (№ 8/2016 хаттама) Директорлар кеңесінің қызметін жетілдіру бойынша іс-шаралар жоспары бекітілді.</p> <p>Директорлар кеңесінің қызметінің көптеген аспектілері бойынша бағалау Директорлар кеңесінің жұмыс сапасы мен тиімділігінің сенімді артуын көрсетті, бұл Компанияның топтық басқару рейтингінің артуымен де расталады.</p> <p>Директорлар кеңесінің мүшелері, тәуелсіз директорлардан басқа, өз қызметін тегін негізде жүзеге асырады. Тәуелсіз директорларға сыйақылар және (немесе) шығындарын өтеу «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ акционерлік қоғамның тәуелсіз директорларының шығындарын өтеу мен сыйақы төлеу ережелерімен реттеледі.</p> <p>Компания Басқармасы Компанияның ағымдағы қызметін басқаратын және өз қызметін «ҚазТрансОйл» АҚ Жарғысы, Басқарма туралы ережесі мен өзге ішкі құжаттар негізінде жүзеге асыратын алқалық атқарушы орган болып табылады.</p> <p>Басқарманы бас директор (Басқарма төрағасы) басқарады. Басқарма құзыреті мен бас директор (Басқарма төрағасының) өкілеттіктері Жарғының 12-бабымен анықталады.</p> <p>2016 жыл бойына Басқарма 33 күндізгі отырыс өткізді. Барлығы Басқармада 205 қарастырылған мәселелер бойынша шешімдер қабылданды, 222 тапсырма берілді, олардың барлығы орындалды. Бұл жағдайда Басқармамен қарастырылған 75 мәселе Директорлар кеңесінің қарастыруына шығарылды, олардың 6-ауы акционерлердің жалпы жиналысының қарастыруына шығарылды.</p>
5	Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит	Ұстанады	<p>Топтық басқару жүйесінің маңызды элементтері ТБТЖ және ІБЖ қамтитын тәуекелдерді басқару жүйесі болып табылады.</p> <p>ТБТЖ Компанияның стратегиялық және операциялық мақсаттарына жетуге теріс әсер ете алатын әлеуетті қауіпті оқиғаларды уақтылы сәйкестендіру, бағалау, мониторинг және азайтуға бағытталған. Директорлар кеңесі Компанияда тәуекелдерді басқару тәсілдерімен байланысты негізгі аспектілерді анықтауды, өкілеттіктер мен тәуекелдерді басқару үдерісі қатысушыларының жауаптылығын қамтитын «ҚазТрансОйл» АҚ тәуекелдерін басқару саясаты бекітілді. Осы жүйе шеңберінде жұмыстарды жүзеге асыру тәртібі Компанияның тәуекелдерді басқару саласындағы ішкі құжаттармен бекітілген.</p> <p>Сәйкестендірілген тәуекелдер бойынша барлық ақпарат Директорлар кеңесі бекіткен «ҚазТрансОйл» АҚ 2016-2018 жылдарға арналған тәуекелдерді басқару</p>

бағдарламасында берілген. ТББ жаңартылған тәуекелдер тізбесінен, Компанияның және оның ЕББҰ тәуекелдер картасынан, меншікті ұстап тұрушы қасиеті мен тәуекелдер шекарасының есептеуінен, тәуекел-тәбет туралы мәлімдеме, шыдамдылық деңгейлері және түйінді тәуекелдерге түйінді тәуекел көрсеткіштерін, сондай-ақ Компания мен оның ЕББҰ тәуекелдерін басқару бойынша іс-шаралар жоспарын қамтиды.

ІБЖ Компания қызметіне тән үдерістік деңгейдің тәуекелдерін уақтылы айқындау мен талдауға, сондай-ақ ІБЖ үш түйінді салаларында осы тәуекелдерді басқару бойынша бақылау рәсімдерін анықтау мен талдауға бағытталған: операциялық қызмет, қаржы есебін дайындау және заңнамалық пен нормативтік талаптарды ұстану.

Жыл сайын Директорлар кеңесі «ҚазТрансОйл» АҚ тәуекелдерін басқару бойынша іс-шаралар жоспарын бекітеді, ол алдын алу әсер ету іс-шараларына (тәуекел-факторларға әсер ету) және түзетуші әсер етулерге (салдарларға әсер ету) арналған іс-шаралар сипаттамаларынан, жауапты қызметкерлер мен іс-шаралардың іске асырылу мерзімдері (қажет болған жағдайда) туралы ақпараттан тұрады.

Компанияның түйінді тәуекелдерін басқару бойынша қажетті операциялық және стратегиялық шешімдерді Компания басшылығы бекіткен тәуекел-тәбет шеңберінде ТБТЖ жұмыс нәтижелеріне негізделіп қабылданды. Тәуекел-тәбет тәуекелді тұтудың меншікті деңгейін сипаттайды, оның шеңберінде Компания қойылған стратегиялық мақсаттарға жете алады.

Жалпы алғанда 2016 жылы Компанияның түйінді тәуекелдерін басқару бойынша жоспарланған жұмыс толық көлемде орындалды. Компания тиісті түйінді тәуекелдердің іске асырылу ықтималдығын төмендету және мүмкін қаржы шығындарын азайту/болдырмау мақсатында оларды елеудің тиісті шараларын қабылдады.

Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 15 қарашадағы (№ 15/2012 хаттама) шешімімен Компанияның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыру, ішкі бақылау саласында бағалаулар, тәуекелдерді басқару, топтық басқару саласында құжаттарды орындау және «ҚазТрансОйл» АҚ қызметін жетілдіру мақсатында кеңес беру үшін ішкі аудит қызметі құрылды.

Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар кеңесіне бағынады және оның алдында өз жұмысы үшін есеп береді.

Ішкі аудит қызметінің жұмысына Директорлар кеңесінің Ішкі аудит комитеті жетекшілік етеді.

Ішкі аудит қызметі өз қызметін Директорлар кеңесі бекітетін Жылдық аудиторлық жоспарға сәйкес жүзеге асырады.

2016 жылы Ішкі аудит қызметінің 2016 жылға арналған жылдық аудиторлық жоспарына сәйкес Компанияның жеке бизнес-үдерістеріне 5 аудит өткізілді, ұжымдық басқаруды бағалау өткізілді, сондай-ақ ЕББҰ өндірістік, операциялық және қаржы

			<p>үдерістеріне жеке аудиттер өткізілді.</p> <p>2016 жылы аудит барысында ішкі аудит қызметі 87 байқаулар айқындады және 158 ұсыным берілді. Ішкі аудит қызметінің барлық ұсынымдары бойынша аудит объектілері байқалған сәйкеспеушіліктер бойынша Түзету әрекеттерінің жоспарын әзірледі және бекітті.</p>
6	Ашықтық	Ұстанады	<p>Ақпаратты ашу барысында Компания мыналарды басшылыққа алады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы;</li> <li>- «Құнды қағаздар нарығы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы;</li> <li>- «Бухгалтерлік есеп және қаржы есебі туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңы;</li> <li>- «Қаржылық есептілік депозитарийінің, қор биржасының интернет-ресурстарында корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты, қаржылық есептілікті және аудиторлық есептерді, акционерлік қоғамдардың үлестес тұлғаларының тізімдерін, сондай-ақ жыл қорытындысы бойынша атқарушы органның мүшелеріне берілген сыйақының жиынтық мөлшері туралы ақпаратты орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 26 қаулысы</li> <li>- «Қазақстан қор биржасы» АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен бекітілген Листингілік ережелер (2009 жылғы 5 қарашадағы № 29 (3) хаттамасы);</li> <li>- «ҚазТрансОйл» АҚ Жарғысы және топтық басқару кодексі, Ақпаратты ашу ережесі, «ҚазТрансОйл» АҚ инсайдерлік ақпаратқа иелік ету және пайдалануға ішкі бақылау ережесі және Компанияның басқа да ішкі құжаттары.</li> </ul> <p>«ҚазТрансОйл» АҚ мүдделі тараптарға мәліметтер өзімен коммерциялық, қызметтік немесе өзге де заңмен қорғалатын құпияны құрайтын жағдайлардан басқа кезде, өз қызметінің барлық аспектілері бойынша уақтылы және толық ашық ақпаратпен қамтамасыз етеді.</p> <p>2016 жылға арналған ашықтық туралы есепті Басқарма мақұлдады және 2017 жылғы 15 наурызда Директорлар кеңесінде қарастырылды.</p> <p>Компания қызметі туралы өзекті ақпаратты уақтылы ашу жолымен Компания ашықтығын арттыру бойынша жұмыс тиісті үлгіде жүзеге асырылады.</p> <p>2016 жылғы қараша айында Компания инсайдерлері үшін тренинг-семинарлар ұйымдастырылды, онда Компанияның 71 қызметкері қатысты.</p> <p>Реттеуші органдар тарапынан ақпараттың уақтылы жөнелтілмеу фактілері немесе ескертулер белгіленген жоқ.</p> <p>Бұдан басқа «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес «ҚазТрансОйл» АҚ 2016 жылғы 15 наурызда есептік кезең ішінде тұтынушылар мен өзге мүдделі тұлғалар алдында реттелетін қызметтерді көрсету бойынша Компания қызметі</p>

		<p>туралы есеп тапсырды.</p> <p>Компания қаржы есептілігінің халықаралық стандарттарына сәйкес жылдық, жартыжылдық және тоқсан сайынғы қаржы есептілік дайындайды. Есептер қаржы есептілігі депозитариясының интернет-ресурсында, қорлар биржасында және Компанияның топтық веб-сайтында уақтылы орналастырылады.</p> <p>2016 жылға Компанияның қаржы есептілігіне сыртқы аудитті «Эрнст энд Янг» ЖШС өткізді, ол 2016 жылғы 31 желтоқсанға арналған Компанияның қаржылық жағдайының нақты көрсетілуін растады, сондай-ақ қаржы есептілігінің халықаралық стандарттарына сәйкес қаржы нәтижелері мен аталған күнге аяқталған жыл ішінде ақша қаражатының қозғалысының нақтылығы расталды.</p>
--	--	---